



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Брифинг

Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асуда

Жалағаш кентінде 95,9 шақырымды құрайтын 75 көше бар. Оның 28-іне жаяу жүргіншілер жолы салынған. Биыл да кентте жол сапасын жақсарту мақсатында бірқатар жоба жүзеге асты. Бүгінде оның жолаушылар, жалпы аудан жұрты игілігін көріп отыр. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына сәйкес 678 млн 704 мың теңге бөлініп, 11 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте Жалағаш кентінің әкімі Мардан Жамалатов осылай деді.

Мардан Жамалатов жол жөндеу жұмыстары жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылып, бүгінгі таңда жұмыстың 90 пайызы орындалғанын айтады. Сонымен қатар кент аумағындағы Ә.Абжапбаров, С.Отарбаев, ПМК-9, Е.Құрманбаева көшелеріндегі жол жөндеу жұмыстары демалушылық есебінен жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

– Қазіргі уақытта Жалағаш кентінде 75 көшеде 1205 жол белгісі орнатылған. Жылдамдықты шектейтін 30 жасанды жол кедергісі бар. Елді мекеннің 4 көше қиылысына бағдарламалар қойылған. Биыл аудандық бюджеттен бөлінген 3 млн теңгеге 170 дана жаңа жол белгісі алынып, орнатылды. Сондай-ақ ескірген жол белгілері жаңаланып, қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында Жалағаш кенті аумағында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаяу жүргіншілерге тиісті жағдай жасау, жол-көлік оқиғасының алдын алу бағытында көшелерде жолақ сызықтарды, жаяу жүргіншілер жолын, жол белгілерін сызу жұмыстары мерзімінде жүргізіліп келеді, – дейді кент әкімі.

Спикер кентте жарықтандыру жұмыстарына қатысты да бірқатар жоба жүзеге асқанын айтады. Мәселен, кенттегі 75 көшенің 45-і жарықтандырылған. Барлығы 1669 бағана орнатылған, 53 шақырымға жарықтандыру желілері тартылған. Мұнан бөлек демалушылар есебінен электр қуатын үнемдейтін светодиодты шам-



дар сатып алуға 2,4 млн теңге қаралған. Нәтижесінде Б.Солбеков, А.Бисенов, ДЭУ көшелері мен М.Шәменов, А.Иманов көшелерінің соңына және З.Салықбаев түйегіне түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар Қазыбек би көшесіндегі 6 көпқабатты, Н.Мырзалиев көшесіндегі 2 көпқабатты тұрғын үй ауласына түнгі жарықшамдар орнатылған.

– Ұлы Жеңістің 50 жылдығы, Н.Мырзалиев, Н.Әлмеғанбетов және А.Иманов көшелеріндегі ескірген көше жарықшамдары электр қуатын үнемдейтін светодиодты шамдармен жаңаланды. Жалағаш кентіндегі жарықтандыру желілерін күтіп ұстау жұмыстарын мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесімен «Бас Сервис» ЖШС жүзеге асыруда – дейді кент әкімі.

Мардан Жамалатов көркейту-көгалдандыру және санитариялық тазалық жұмыстарына да басымдық берілгенін айтады. Шынында, бұл бағытта Жалағаш кентінде ауқымды жұмыс бар. Осыған дейін орталық алаң, саябақтар, балалар ойын алаңдары және спорт алаңдары бөлінген қаржы негізінде күтімге алынған. Оларға ағымдағы жөндеу, яғни сырлау, өкпеу, жабдықтарды дәнекерлеу жұмыстары уақытылы жүргізілуде. Аял-

дамаларға, көше бойларына, ұлылардың өнегелі сөздері ілінген, Жалағаш кенті орталығындағы Бұқарбай батыр, А.Құнанбаев, Жеңістің 50 жылдығы көшелеріне көше атаулары орнатылған.

Спикер осыған дейін Жалағаш кентінде аяқсу ағатын арықтарды механикалық тазалау, құбырларды ауыстыру жұмыстары жүргізілгенін де тілге тиек етті. Көше бойындағы көпжылдық ағаштарды кесу және бірлеу жұмыстары атқарылды. Көркейту-көгалдандыру жұмыстары барысында 6 тонна өк сатып алынып, барлығы 4600-ден астам тал ақталған.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы негізінде Жалағаш кентінде көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Науқан аясында бекітілген іс-шара негізінде тазалық акциялар, түрлі марафондар, сенбіліктер ұйымдастырылуда. Ұйымдастырылған шараларға мекемелердің өңбек ұжымдары, тұрғындар, ақилы қоғамдық жұмысқа қатысушы азаматтар мен кәсіпкерлер тартылуда. Аудан орталығы аяқсуды 3 канал (Поселкелік, Елтай, Әйтек) арқылы алады. Поселкелік және Әйтек су арналары арқылы өз ағысы бойынша елді мекеннің шығыс және оңтүстік бөліктеріне, Елтай каналынан электр насос арқылы елді мекеннің батыс бөлігіне аяқсу жеткізілді. Кент ішіндегі аяқсу көтерілмейтін жерлерге демалушылық есебінен 9 насос орнатылған. Тұрмыстық қатты қалдықтарды тастауға арналған контейнерлер көпқабатты тұрғын үйлерге қойылып, арнайы техникамен қоқыстар Ақсу жолы бойындағы арнайы қоқыс төгетін қарьерге тасымалдануда. Жалпы кент бойынша есепті кезеңде 4915,5 тонна қатты тұрмыстық қалдық жинақталды, – дейді ол.

Иә, кентте абаттандыру, көгалдандыру, жол жөндеу, жарықтандыру секілді игі істер мен жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Атқарылар жұмыс әлі де көп, мақсат-міндеттер де жоғары, жоспарланған жұмыстарды іске асыруға барлық мүмкіндік бар. Кент әкімі сол

мүмкіндіктерді халықтың қолдауымен тиімді пайдаланып, елді мекеннің екінші тынысын ашуға жұмыс жасайтынын жеткізді.

Мардан Жамалатов биыл кентте демалушылар есебінен бірқатар жоба жүзеге асқанын айтады. Бүгінде оның жергілікті жұрт игілігін көріп отыр. Енді жаңадан ашылған Наурыз учаскесіндегі және осы учаске территориясына дейінгі Н.Алмағанбетов, Б.Солбеков, Өмірбай шешен, М.Шәменов, Н.Мырзалиев, Ақпан батыр, О.Сарманов, А.Тілеулиев көшелерінің кейбір бөліктеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін демалушылық есебінен жобалау-сметалық құжаттама жасалуда. Жобаның мердігері – «GE-OPSD KZO» ЖШС.

Дәуімбай елі мекеніндегі Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесінің бойындағы жаяу жүргіншілер жолын салуға демалушылар есебінен құны 66 млн теңгеге ЖСҚ әзірленген. Жоба авторы – «ДИМАШ СЕРВИС» ЖШС. Жоба бүгінде қаржыландыруға ұсынылған.

Мұнан бөлек Жалағаш кентіндегі демалушылар есебінен көше жарықтары жүргізілетін М.Шәменов, Т.Жүргенов, Қ.Нурпейісов, И.Панфилов, Т.Қыстаубаев, А.Ізтілеуова, Теле би, І.Нұрқенов, Н.Өррезов көшелеріне көше жарығын қайта жаңғыртуға ЖСҚ әзірленген. Жоба құны – 285,4 млн теңге, демалушы – «Калимос» ЖШС. Бұл жоба да бүгінде қаржыландыруға ұсынылып отыр.

– Жалағаш кентіндегі Дәуімбай елді мекеніндегі электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Жоба авторы – «ЖОБА ҚҰРЫЛЫС» ЖШС. Сондай-ақ Жалағаш кентіндегі орталық алаңды қайта жаңғырту жобасының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өткізілді. Жоба құны – 315,2 млн теңге. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жолданды, – дейді спикер.

Брифинг соңында кент әкімі БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Ел өңірлерінде 267 мың оқушыға арналған 232 жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сүйенсек, биыл 157 мың оқушыға лайықталған 105 жаңа мектеп пайдалануға берілген. Оның ішінде 135 мың балаға арналған 71 мектеп «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған. Жаңа мектептердің басым бөлігі Түркістан, Маңғыстау, Алматы, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында ашылған.

232 мектеп салынуда



Аталған ұлттық жоба аясында жалпы 460 мың орынға арналған 217 заманауи мектеп салу жоспарланған болатын. Оның 40 пайыздан астамы ауылдық жерлерде бой көтеруде.

Жаңа форматтағы мектептер бұрынғы типтік мектептерден едәуір ерекшеленеді. Мәселен, жаңа үлгідегі мектептердің жалпы аумағы 15-20 пайыз үлкен. Ал техникалық жабдықталу деңгейі төрт есе жоғары. Әр мектепте робототехника кабинеттері, STEM-зертханалар, хореография залдары, коворкинг аймақтары мен төртке дейін спорт залы қарастырылған.

Қазір шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда орналасқан мың мектеп жаңғыртылуда. Бағдарлама аясында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, жиһаздарды жаңарту, кітапханалар, асханалар мен қауіпсіздік жүйелерін жаңғырту қарастырылған. Келесі кезеңде мектептердің инфрақұрылымын бірыңғай заманауи форматқа көшіру бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

ҚАРА АЛТЫННЫҢ 80 пайызы қайда экспортталады?

Былтыр Қазақстан өндірген мұнайдың 80 пайыздан астамы Еуропа елдеріне жөнелтілген. Негізгі сатып алушылар қатарында Италия, Нидерланды, Франция және Румыния бар. Бұл көрсеткіш еліміздің энергетикалық нарықтағы бағытын айқын көрсетеді. Қазақстан мұнайы әлі де еуропалық тұтынушыларға бағытталған негізгі шикізат көзі болып отыр.



Италия 2024 жылы Қазақстан мұнайының ең ірі импорттаушысы атанды. Елге жеткізілетін жалпы экспорт көлемінің 43 пайызы дәл осы мемлекетке тиесілі. Алайда Energy Analytics атап өткендей, статистикада Италия ең ірі импорттаушы болып көрінгенмен, қазақстандық мұнайдың нақты соңғы алушысы – Германия. Бұл ел шикізатты Италияның Триест портындағы терминал арқылы қабылдайды.

Сондай-ақ еуропалық нарықта Нидерланды, Франция, Румыния және Грекия сынды елдер де белсенді сатып алушылар қатарында. Бұл Еуропалық Одақ елдерінің қазақстандық мұнайға деген тұрақты сұранысын көрсетеді.

Бұдан бөлек Финляндия да Қазақстанмен ынтымақтастыққа қызығушылық танытып отыр. Ресейден энергия тасымалдау тоқтағаннан кейін, Финляндия жаңа серіктестер іздеп, Қазақстанды ықтимал өріптес ретінде қарастырып отыр.

Азия аймағында Қазақстан мұнайының негізгі алушыларының қатарында Қытай мен Түркия бар. Ал Оңтүстік Корея, Сингапур және Үндістан сияқты елдер импорт көлемі бойынша төмен көрсеткішке ие.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Сенбілік

Тазалық – ортақ міндет

Жалағаштықтардың сенбі күнгі жұмысы тазалықтан басталады. Иә, соңғы жылдары аудан жұрты сенбілікте белсенділік танытуда. Бұрын мұндай тазалық жұмыстарының басы-қасынан тек мекеме ұжымдарын көзіміз шалатын. Қазір жергілікті жұрт санитарлық тазалық ортақ міндет екенін түсінгендей.

Әдеттегідей өткен аптаның алтыншы күні аудан жұрты тағы да сенбілікке шықты. Мақсат ортақ, туған жердің тазалығына жауапкершілікпен қарау. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Жалағаш кентінде және барлық ауылдық елді мекенде сенбілік ұйымдастырылып, тұрғындар мен мекеме қызметкерлері тазалық жұмыстарына белсене қатысты.

Кент тұрғыны Ардақ Өмірбекұлы бұған дейінгі сенбілік жұмыстарында да белсенділік танытқан. Бұл жолы да ол қайнаған жұмыстың басы-қасында жүр. Ішкі көшелер бойында жиналған қоқыстарды техникаға тиеп, арнайы қоқыс полигонына жөнелткен ол тазалық жұмыстарында ауызбіршілік танытудың пайдасы мол екенін айтады.

– Тазалық – ортақ міндет. Сондықтан бұл істе біз жұмыла іс қылуымыз керек. Қазір баяғыдай емес, осындай жауапкершілікті тұрғындар да түсінген.

Бұрын тек мекеме ұжымдары ғана сенбілікке шығатын. Қазір ше, сенбі күндері көшеде санитарлық тазалық жұмыстарында жұрт белсенді. Аула-сың, ауласының маңына тазалық жұмыстарын жүргізіп жатқан үлкендерді көріп қуанамын. Шынығында, бізге мұндай жұмыстарда ауызбіршілік керек. Тазалық ортақ міндет екенін шын түсінгенде ғана біз ынтымақпен іс қыламыз. Оның айқын көрінісі өзіміздің Жалағаш ауданында анық байқалады. Туған жерің таза болса, келген қонақтар ауданның тазалығы жайлы жақсы пікір айтып жатса, марқайып қаласыз ғой. Сондықтан туған жердің аты қай жағынан шықса да онда әр адам өзінің үлесі барын білуі керек. Сонда ғана біз жауапкершілікті шын сезінеміз, – дейді кент тұрғыны.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов кенттегі тазалық жұмыстарын бақылап, санитарлық тазалық кезінде жиналған



қалдықтарды дер кезінде шығару жөнінде кент әкімі мен жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Сенбілік барысында жол жиектері мен жаяу жүргіншілер жолдары, қоғамдық орындар тазартылып, қураған бұтақтар

кесілді. Жиналған қоқыс қалдықтары арнайы техникамен тиісті орындарға шығарылды. Жалпы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына аудан жұрты белсенді

Е.АНУАРУЛЫ

Кеңес

Жылу маусымына дайындық қалай?

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында аудан бойынша жеке балабақшаларға жүргізілген зерделеу жұмыстары мен биыл жылу маусымына дайындық барысы қаралды. Комиссия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары Әліби Байнахатов, Ғани Сүлейменов, тиісті бөлім, мекеме басшылары мен балабақша меңгерушілері қатысты. Отырысты аудандық мәслихаттың төрағасы Өмірзақ Елеусінов жүргізді.



Жылу маусымына дайындық барысы туралы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ербол баяндады. Сөзінше, Жалағаш ауданында 10 қазан сағат 00:00-ден бастап 2025-2026 жылдардағы жылу маусымы басталғаны жарияланған. Сонымен қатар қазіргі таңда тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында көмір жеткізуші «Қырмызы», «Дүйсебаева» жеке кәсіпкерлерімен өзара ынтымақтастық меморандумы жасалған. Олар қатты отынды биыл тамыз айынан бастап жеткізуде. Тамыз айынан бастап жеке кәсіпкерлермен 5010 тонна көмір жеткізілген.

2025-2026 жылдардағы жылу маусымына аудан бойынша қатты отын қажеттілігі 9300 тоннаны құрайды. Оның ішінде әлеуметтік нысандарға қатты отын қажеттілігі 2500 тоннаны құраса, аудан тұрғындарына қажеттілік – 6800 тонна.

Аудан бойынша барлығы 82 әлеуметтік нысанға сұйық отынның қажеттілігі – 1 708 тонна, қатты отын қажеттілігі – 2500 тонна. Әлеуметтік нысандардың көмір қоймаларында бүгінде 1880 тонна көмір қоры бар.

Мәслихат депутаты Гүлзат Құрманбаева газға қосылмаған білім беру ұйымдарына байланысты қандай жұмыстар атқарылып жатқанын сұраса, төраға Өмірзақ Елеусінов аудан көлеміндегі

мекемелердің жылу қазандықтарын газ жүйесіне ауыстыру бойынша келелі ұсыныстарын салыстырмалы түрде нақты цифрлармен ұсынды. Аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов ауданда осы мәселеге байланысты дайындалған жобалар туралы айтып, депутаттар ұсыныстарының ескерілетінін жеткізді.

Жалағашта жеке балабақшалардың жұмыстарына жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысы туралы аудандық мәслихат депутаты, «Әлеуметтік-мәдени даму, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері, заңдылық және азаматтар құқығы жөніндегі» тұрақты комиссия төрағасы Г.Айтжанова баяндады. Қазірдің өзінде Жалағаш ауданы бойынша 37 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс жасайды. Оның ішінде 10-ы мемлекеттік, 27-сі жеке балабақша.

Зерделеу барысында мектепке дейінгі ұйымдарда санитарлық талаптардың сақталуы, ерт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы, жалпы материалдық-техникалық жағдайлары қаралған. Г.Айтжанова зерделеу жүргізілген жеке балабақшалар бойынша анықталған жайлар туралы жеке-жеке тоқталып, аудандық білім бөлімінің балабақша құрылтайшылары мен меңгерушілеріне бірқатар талаптың қатаң бақылауға алыну қажеттігін қатерге салды. Мәселен, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес азық-түлік

сапасың, көлемі мен тәртібін үнемі қатаң бақылауда ұстау, тамақтану ережесін, ас мәзірін жасағанда бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар азық-түлікпен қамтамасыз ету керек. Балалардың жас ерекшелігіне қарай ас мәзірін жасау, зерделеу кезінде айқындалған қателіктерді қайталамау қажет.

Ол балабақшаларда спорттық ойын алаңдарының, медбике бөлмелерінің дұрыс жабдықталмауын атап өтті. Медбике балабақшалардың көпшілігінде 0,5 штаттық бірлікте болғандықтан түске дейін ғана жұмыста болады. Медбике штат бірлігін 1 штат бірлікке толықтыру ұсынылды.

Кадрлық мәселе бойынша кейбір балабақшалардағы тәжірибелі педагогтардың болмауы, тәрбиешілердің арнайы санаттарының болмауы, психолог, логопед, музыкант сияқты мамандардың алынбауы туралы айтылды. Осыған байланысты жеке балабақшаларға арналған штаттық нормативтеріне және санитарлық талаптарға сай болуын бақылауда ұстау қажеттігі айтылды.

Материалдық-техникалық базасына байланысты кейбір балабақшалардың ғимараттары бейімделмеген, жөндеу көрмеген, ойыншықтары балаларға сай келмейді. Осы ретте ойын алаңдары мен қауіпсіздік құралдары талапқа сай болуын қадағалау ұсынылды.

Мәслихат депутаттары Ө.Елеусінов, Г.Құрманбаева, Қ.Ахетов, Е.Мақсұтов бірінші кезекте баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі, балаларға көрсетілетін мультфильмдерге мән беру, ғимаратта жазылған жазулардағы орфографиялық және пунктуалдық қателерді жөндеу, бәсекелестікке сай болуға жұмыс жасау, коммуналдық төлемдерді уақытылы төлеп отыру, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы өз ұсыныстарын жеткізді.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов білім бөлімі тарапынан да биыл жүргізілген мониторинг жұмыстары туралы айтып, жеке балабақшалардың салық төлемдерін төлеу бойынша да анықталған мәселелер бар екенін жасырмады. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов заңдық талапқа сәйкес жұмыс жасау, сапаға мән беру, салықтық түсімдерді уақытылы төлеу, балалардың тасымалдаудағы мәселелер туралы айтып, талап күннен-күнге күшейетінін ескертті.

Балабақша құрылтайшылары Ж.Баймаханова, А.Әміреева балабақша жұмысында кездесіп отырған кейбір мәселелерді шешу жолдарын ұсынды. Комиссия отырысын Өмірзақ Елеусінов қорытындылап, қаралған мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына ұсыныстар берілетінін жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тағзым

Ер есімі ұлықталған шара



Аққыр ауылында азаматтық борышын өтеу жолында ерлікпен қаза тапқан жауынгер Сабырбек Тайшықұлын еске алуға арналған ұлттық спорт түрлерінен аудандық жарыс өтті. Шарада аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов жарысқа қатысушылар мен ауыл тұрғындарын патриоттық рухтағы дәстүрлі шараның басталуымен құттықтады. Өз сөзінде ол ел қорғаған ерлердің есімі ешқашан ұмытылмайтынын, олардың ерлігі мен рухы жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруда мәңгі өнеге болатынын атап өтті.

Тағылымға толы шарада Жалағаш және Сырдария аудандарының құрметті азаматы Батырбек Маншарипов, ардагер-ұстаз, Сабырбек Тайшықұлының ұстазы Задагул Арыстанбекқызы, сондай-ақ ауданның құрметті азаматы, «Мира» шаруа қожалығының төрағасы Мейрамбек Бектыбаев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, аудандық мәслихат депутаты Қуат Адисұлы сөз сөйлеп, батырдың өмірі мен ерлігі туралы естелігімен бөлісті.

Шара аясында Тайшық Бақтыбайұлы әулетінің бастамасымен «Бақ қонған әулет» атты кітаптың тұсау-кесер рәсімі өтті. Кітапта батырдың өмір жолы, ерлік істері мен ұрағына қалдырған өнегелі тағылымы кеңінен баяндалған. Аудандық деңгейдегі бұл жарыс қазақ күресі, бір тасын көтеру, қол күрес, қой көтеру және арқан тартыс секілді ұлттық спорт түрлерін қамтиды. Жарысқа қатысушылар күш-қайратын, ептілігі мен жігерін сыңға салып, өзара мықтыны анықтады.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтижеге қол жеткізген спортшылар мен командалар арнайы дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қол күрестен I орын Бұқарбай Батыр ауылынан келген Нұрлыбек Дәдікбайға бұйырды. Ақтық мәреде сүрінген мәдениеттік Андрей Бекзат көлесі орынға жайғасты. Ал дәл осы ауылдың тағы бір тумасы Серік Асылан үздік үштікті түйіндеді.

Қол күрестен қарсылас шақ келтірмеген Нұрлыбек Дәдікбай тағылымды шараны ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Сондай-ақ ол қарсыластырының тыңғылықты дайындықпен келгенін, бас бәйгені алу оңайға соқпағанын жасырмады.

Бүгін шалғайдағы ауылда бас қосып отырмыз, тағылымды шарада ұлттық спортшымыз жаңғырды. Бірнеше спорт түрінен аудан жастары сыңға түсіп, өзара мықтыны анықтады. Соның ішінде өзім қол күрестен сыңға түстім. Әлбетте барлығы тыңғылықты дайындықпен келген. Сондықтан же-



ңіс те оңай келген жоқ. Осындай шаралар арқылы ұлттық спортшымыз дамып жатса, біз қуанамыз. Шалғай ауылда спортты дамытуға барлық жағдай жасалған. Сондықтан ұйымдастырушыларға тек алғыс айтамын, – дейді ол.

Қой көтеруден жеңіс тұғырынан көрінген Жалағаш кентінің тұрғыны Ерлан Ералиев те спортсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Ал бір спортынан тағы бір кент тұрғыны Қайсар Төлеген қарсылас шақ келтірмеді.

Айта кетейік, Қайсар Төлеген былтыр Тайвань мемлекетінің Тайбэй қаласында өткен бір спортынан Азия чемпионатында 78 келі салмақ дәрежесінде серпе көтеруден 1-орын, ұзын айналым жаттығуынан 2-орын иеленген. 14 мемлекеттің спортшылары бақ сынаған чемпионатта ел намысын қорғаған жерлесіміз бұған дейін де байрақты бәсекелерде топ жарып келеді.

2021 жылы Шучинск қаласында бір спортынан өткен Қазақстан Республикасының Чемпионатында Спорт шебері атағын орындаса, Ақтөбе қаласында өткен Қазақстан біріншілігінде ұзын циклді серпе көтеруден 2-орын иеленді. Шардара қаласында өткен ел біріншілігінде серпе көтеру жаттығуы бойынша 3-орын, Үндістанда өткен Әлем чемпионатында ұзын циклді серпе көтеруден 3 орын, Қырғызстан мемлекетінде өткен Азия чемпионатында ұзын циклді серпе көтеруден 1-орын алды. Ол – екі дүр-

кін Азия чемпионы. Өзбекстанда өткен Әлем чемпионатында серпе көтеруден 1-орын және ұзын циклді серпе көтеруден 1-орын иеленді. Осындай өлемге танымал спортшылар шалғай ауылда өткен шараның көркін қыздырды.

Қол күрестен 70 жастан асқан ардагерлер арасында I орын Аққұман келген Бицеев Цилицаетке бұйырды. Ал аққырлық Қалдыбек Шорабек екінші орынға жайғасты. Ақсұлық Таңсықбай Абайділдаев үздік үштікті түйіндеді.

Түйе палуандар сайысы да спортсүйер қауымға ерекше көңіл күй сыйлады. Палуандар додасында Аққыр ауылынан шыққан аудан мақтанышы Жақсыбек Жеңісбек қарсылас шақ келтірмеді. Ал ақтық мәреде сүрінген Шыңғысхан Әбілхасұлына екінші орын бұйырды. Ақсудан шыққан білікті балкер Ұласхан Алпысбай үздік үштікті түйіндеді.

Қазақ күресінен түйе палуандар сайысы бойынша арнайы номинацияға ие болғандар да бар. Мәселен, «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясымен Саудабек Ерасыл марапатталды. «Көрермен көзайымы» номинациясына Серік Асылан лайық деп танылды. «Үздік жас палуан» номинациясы Сарсенбай Әлінуға бұйырды. Жарыс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Акция

«Руханият» орталығының мәжіліс залында «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы өтті. Іс-шара барысында құқық қорғау органдарының және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері тұрғындарға тегін құқықтық кеңес берді. Акцияның негізгі мақсаты халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтарға тегін заң көмегін көрсету.

Кент тұрғындарына кеңес берілді



Шараға Жалағаш ауданы прокуратурасының прокуроры Әділжан Оразғали, аудан әкімінің орынбасары Әнуарбек Дәрмағамбетов, сондай-ақ адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылары, полиция, білім, денсаулық сақтау, салық қызметі және өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Акция барысында 20-дан астам кент тұрғыны өздерін толғандырған құқықтық сұрағына нақты жауап алып, заң саласындағы өзекті мәселелер бойынша кеңес алды. Сонымен қатар қатысушыларға интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында ақпараттық жадынамалар таратылды.

«Халық заңгері» акциясы тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және олардың заңдық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды бастама болып табылады. Осыған дейін аталған акция Ақсу аудандық округіндегі №116 орта мектеп ғимаратында өткен болатын. Іс-шара барысында құқық қорғау органдарының және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері ауыл тұрғындарына тегін құқықтық кеңес берді.

Ақсудағы акцияда 70-тен астам адам өздерін толғандырған құқықтық сұрақтарына нақты жауап алып, оларға заң саласындағы өзекті мәселелер бойынша кеңес берілген болатын.

Айта кетейік, «Халық заңгері» республикалық акциясы еліміздің барлық өңірінде өтуде. Акция аясында 120 мыңнан астам азамат тегін әрі білікті құқықтық көмек алды. Бұл шара «Заң мен Тәртіп» идеологиясымен іске асыру бағытындағы ең ірі әлеуметтік бастамалардың біріне айналды.

Кеше де Қазақстанның барлық облыс және аудан орталықтарында кең ауқымды «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті. Шара барысында азаматтардың құқықтық мәселелеріне нақты әрі кәсіби көмек көрсетілді. Әрбір ниет білдіруші танымал адвокаттар мен тәжірибелі заңгерлерден тегін кеңес алып, өздерін толғандырған сұрақтарын мемлекеттік органдардың басшыларына тікелей жоюға мүмкіндік алды.

Акцияны Бас прокуратура Әділет министрлігімен жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарымен бірлесіп ұйымдастырды. Іс-шараға адвокаттар, заңгерлер, нотариустар мен сот орындаушылары белсене қатысып, «ЗаңонKZ» және «Параграф» желілік басылымдары ақпараттық қолдау көрсетті.

Нәтижесінде 250-ден астам қала мен елді мекенде 120 мыңнан астам азамат тегін құқықтық кеңес алды. Келушілерге заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау, интернет-алаықтықтан қорғану, «дропперлік» әрекеттердің салдары, сондай-ақ EGOV.kz және Kaspi.kz платформалары арқылы несиелерді бұғаттау тәсілдері туралы толық ақпарат берілді.

Биылғы акцияға 4 мыңнан астам заңгер, адвокат, нотариус және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысып, ауқымы мен қамтылуы жағынан рекордтық көрсеткішке жетті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жемқорлықпен күрес – ортақ парыз

Сыбайлас жемқорлық жалпы қоғамның дамуын тежейді. Сондықтан онымен күрес шаралары толастамауы тиіс. Қазақстан да тәуелсіздік алған жылдардан бері қоғам дертімен күресті күшейтті. Олай болуы да орынды. Өйткені дамыған елдер қатарынан орын алуды көздейтін кез келген мемлекет онымен күресті мемлекеттің басты саясатына айналдыратыны анық.



Иә, расында экономикасы дамыған кез келген елді алып қарасаңыз, сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларына басымдық бергенін аңғарасыз. Өйткені жемқорлық орын алмаған ортада даму болады, алға жылжу жеделдейді. Барлық салада серпін қалыптасады.

«Сыбайлас жемқорлықпен тек құзырлы органдар күресуі керек» десеңіз, қателесіз. Негізінен бұл қоғам дертімен күресті әр адам өзінен бастауы тиіс. Тіпті онымен күресте әрқайсысымыз айналамызға үлгі болсақ, жемқорлық бұл қоғамнан өздігінен жойылады. Тіпті осы жолда нәтижелі жұмыс болса, ескең ұрпақ та одан ада болатыны анық. Міне, біз осындай келешекке нық қадам жасау арқылы мемлекеттің жарқын болашағын құрамыз.

Гүлнұр ҚАСЫМОВА,
Жалағаш аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы

Болгариядағы бүлікті шешкен қазақ

1968 жылы Болгарияның астанасы Софияда жастар мен студенттердің дүниежүзілік IX фестивалі басталды. Бұл фестивальге СССР де қатысатын болды. Мәскеудегі арнайы комиссия 15 республикадан ең талантты өнерпаздарды конкурстан сұрыптап алу керек.

Өкінішке орай Қазақ ССР-нан еш-кімді ұсынбапты. Не бір ансамбль, не жеке орындаушы комиссияның көзіне түспеген. Өзбекәлі бұл кезде іс-сапармен Цейлонда жүрген. Алматыға келген бойда жайсыз жаңалықты естіп, тағы да қаны басына шапты. Дереву Мәскеуге телефон соғып, мәселені қайта көтерді. Мәскеудегі жауапты маман – Өзін біреуді ұсын! Мен қосымша еңгіземін, – деп уәде берді.

Қызық енді басталды. Ұйымдастыру комитетінен біреу Өзбекәліге телефон соғып: – Сонымен кімді ұсынатын болдыңыз? – деді.

– Әлі бекіткен жоқ. Қас талантты іздеуім керек, – деді Өзбекәлі.

Осы кезде старший браттың шовинистік мінезі қалқып бетіне шықты. Ол уялмай-қызармай: – Сізде бір таяққа екі ішекті тағып қойып тартатын аспап бар еді ғой. Міне, сол күшті болар еді. Европа үшін ол аспап – экзотика. Соны ойнайтын біреуді ұсынсаңыз қатып көтер еді, – деп қойып қалады.

Кеудесін кісіге бастырмайтын Өзбекәлі: – Кімді ұсынатынымда сенің жұмысың болмасын. Қажет деп тапсам биші жіберемін, – деді де трубкуны тастай салды.

Сейтті де биші іздеді. Қазақстанда виртуоз домбырашылар толып жатса да, Өзбекәлі не үшін бишіні таңдады? Себебі ол кезде ұлттық бидің жоқтығы қазақтарды кемсітуге таптырмаса сылтау болатын. «Қазақтар өркенімет көрмеген. Мәдениеттен жұрдай. Өнер дегенді ұқпайды. Ұшы-қиыры жоқ далада жөн-жосықсыз көшіп жүре берген. Буларды адам қылған – орыс» деген сарындағы мәдениетсіз әңгімені көрінген жерде айта беретін. Осы бір жабайы мінездің шовинистерге сіңісті болғаны сонша 1970-80 жылдары Алматының өзінде қоғамдық көлікте өзара қазақша сөйлессең: – Эй, колбит, нормально разговаривай на человеческом языке, – деп тыиып тастайтын болған.

Ең қызығы, осындай жабайы мінезге не мемлекет тарапынаң не зиялылар атынан ескерту, түзеу, жазалау сияқты шаралар қолданбаған. Өкіметке шағым айтса, «ұлтараздық туғызбаңдар» деп өздеріне тап беретін. Тіпті Мәскеу мен Ленинградта отырған орыстың зиялы қауымы да осы бір жабайылықпен күресуге ықыласты болмаған. Яғни өзге ұлтты кемсітуді қалыпты табиғи процесс деп қабылдаған...

Бұдан соң Өзбекәлі беделін салып бишілерді іріктейтін комиссиясын Алма-тыға алдырды. Сынанан өткен биші келесі емтиханды Мәскеуде тапсыруы керек. Мәскеудегі сынаққа бұған дейін халықаралық жарысқа қатысып көрмеген 20 жасар атыраулық биші Гүлжан Талпакова аттанды. Іріктеу жарысы оңай емес. Шығыс биін көрсетуге өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, әзірбайжан елінің өнерпаздары да баратын. Тәңір берген таланттарына сенбесен, тамыр мен таныстың, телефонның ықпалы жүрме-ді. Комиссия құрамында Мәскеу мен Ленинградтағы опера мен балет театры-ның тарландары отырды. Олардың көсемі – «Большой театрдың» жетекшісі, атақты биші Иосиф Михайлович Туманов. Сонша дүлдүл арасынан олардың көзі Гүлжан Талпаковаға түседі. Гүлжан жұмыс бабымен Қостанай облысына гастрольге аттанды. Алыс бір ауданның шағын сахнасында билеп жүрген кезінде Қостанайдың жергілікті әкімі келіп: – Сені Алматыға басшылар шақырып жатыр. Ертең сені Өзбекәлі Жәнібек қабылдайды, – деді.

Бізбен сұхбаттас болған Гүлжан Талпакованың өзі бұл оқиғаны бүй деп баяндады: – Мені «Волгаға» отырғызып, шапшаң Қостанайға жеткізді. Әуежайда тікұшақ күтіп тұр екен. Тікұшақ сол күні кешке мені Алматыға әкелді. Ертересіне буынып-түйініп Комсомолдың ғимаратына келдім. Күтіп алушылар жаңы қалмай жүгіріп жүр. «Қазір Өзбекәлі Жәнібек сізді көруге келеді. Сахналық киіміңізді киіп келіңіз» деді олар. Ол кезде танымал болмасаң, арнайы костюм тікпейтін. Қазақконцерттің жалпыға ортақ бір костюмн үстіме іліп алдым. Оның өзі құрайды болатын. Көйлегі Жамал апанің болса, нымшасы Шара апанікі болуы қадік. Көбіне өлшемсі сай келмей, үстіңде олпы-солпы тұратын. Оның өзін ікемдеп, ішінен бүріп, қысқартып аламыз. Мен киім ауыстырып болғанша Өзбекәлі аға да келіп жетіпті. Бір қарағаннан тұр сұсты көретің. Маған қарап: – Қазақша қандай биің бар? Сахнаға шық та, көрсет өнеріңді, – деді. Өзіммен бірге арқалап жүретін ауыр магнитофоным бар еді. Соны костюм да қазақша 2-3 би биледім. Өзбекәлі үнісіз тамашаланды. Біз біткен соң талқылау залына жиналдык. Ол маған қарап: – Бар киімің осы ма? – деп сұрады.

– Иә, осымен билеймін, – дедім.

Ол жанындағы Мәдениет министрлі-гінің өкіліне қарап: – Көріңдер ме, қазақ мәдениетінің сиқын? Шетелде қа-зақ биін таныстыратын бишіміздің киімі-нен қара! Не масқара мынау? – деді.

Мен «түрім ұнамай қалды ма» деп шошып кеттім. Әлгі шенеунік басы сал-бырап, үндемей құтылды. Өзбекәлі ма-ған қарап: – Күнделікті киетін киім-кө-шеің қалай? – деді.

Мен сұрақты онша түсінбедім. – Жайсы. Жасыл көйлегім бар. Бәрі жаңа, – деп жауап бердім.

– Жолағ аустайтын сөмкең бар ма? – деп сұрады.

– Иә, – дедім.



– Әкел, көрсет! – деді ол.

Атыраудан Алматыға оқуға аттанар-да әке-шешем сатып әперген советтік қара чемоданды қасыма әкеп қойдым. Оның чемоданға да көңілі толмады.

–Үш күн уақыт беремін. Үш биге арнап бөлек-бөлек ұлттық киім тіктіре-сің. Одан бөлек төрт маусымда киетін киім-кешегін жаңалайсың. Космети-касын түгел ауыстыр. Боянатын опа-далабы мен әтіріне дейін импорттық болсын. Қонақ үйде киетін халаты мен төпшкесіне дейін жайнап тұрсын. Анау ескі чемоданды көрмейтін болайын. Ақ-шаны өзім табамын. Үш күннен кейін кездесеміз – деді де шығып кетті.

Жанна деген жауапты қыз менің қолымнан жетелеген күйі дедектетіп әкеліп Волгаға отырғызды. Қаланың шетіндегі 70-разъезд деген жерге жыл-дам жеттік. Ол жерде әкіметтің қойма-сы бар екен. Қоймаға кіргенде аузым ашылып, жағым түсіп қала жаздады. Өртістер түсінде ғана көретін тоқсан тоғыз түрлі мата мен бағалы аның жылтыраған терісі үйіліп жатыр. Ба-зарда жүргендей қойманың ішін ар-мансыз аралап, қымбат мата мен жүн-терінің неше түрін арқалап алдық ті-театрдың астындағы арнайы киім ті-гетін цехқа келдік. Тапсырманың қат-ты болғаны сонша бір дизайнер мен тіпінші маған жабылды. Үш күн бойы киім өлшеп-пішумен болды. Өз көзіме өзім сөнер емеспін. Құдды бір түс көргендей болдым. Жарқыраған мата мен жылтыраған теріден бір өзіме арнап қазақша киім тікті. Сахналық костюмн дайын болған соң сыртқы киім-кешек пен косметиканы жаңалады. Соңғы үлгідегі ең сапалы әрі әдемі киімдер мен опа-далапты алдыма тосты. Ескі чемоданымды лақтырды да Чехосло-вакида жасалған «папа, мама и я» деп аталатын матрашка сияқты ұшқабатты чемодан берді.

Бұл заттардың сапасының мыты-лығы сондай он жыл ұстап тоздыра алмадым. Үш күннен соң мені ханның қызындай жайнатып, Өзбекәлінің алды-на аларды. Киімді жайма сияқты жайып қойды. Өзағам бәрінің материалын қолымнан ұстап, сапасын жеке-жеке тек-серіп алды. Маған қарап: – Қалай Гүл-жан?! Жаңа киімдерің ұнады ма? – деді.

– Иә, аға! Бәрі ұнады, – дедім.

Ол кезде мұндай нығметті көрмеген таза кеңес адамы едік. Сондағы бар уайымды: «Конкурстан соң киім-кешек-ті қайтарып ала ма, жоқ па?». Көнет шыдай алмай: – Аға, конкурс біткесін бұларды қайтарып ала ма? Қазақ кон-цертке тапсыруым керек пе? – деппін.

– Жок, – деді.

– Бұлрға мен бір тиын төлеген жоқ-пын. Қымбат заттар. Мен оларды қалай аламын? – дедім.

Ол күліп: – Қыздар өзі түсіндіреді, – деп қысқа қайырды.

Бұдан соң фестивалге дайындалу үшін Мәскеуге аттандым. Мұнда Кеңес одағының жас таланттары жиналыпты. Ол кезде ешбірінің атағы жоқ. Олар он жылдан соң Халық әртісі атанып, Кеңес одағының даңқты өнер жұлдызына ай-налды. Біз бір команда болып күндіз-түні бірге дайындалдық. Олардан есімде қалғаны Сабира Атаева деген түркімен қыз, қырғыздан Болат Мың-жылкиев, әзірбайжаннан Тамара Сина-вская, молдовадан София Ротару бол-ды. Қатысушыға екі костюмнен тіктірді. Сосын пойызға отырып, Польшаның басып өтіп, Болгарияға жеттік. Көп ұзамай фестиваль басталды. Атақты шангист Леоид Жаботинский СССР-ді туын ұстап, шерудің алдында жүрді. Әуелгі жоспар бойынша мен оркестрдің сүйемелдеуімен билеуім керек еді. Бірақ Софияға барғасың не болғанын білмей-мін, оркестр қатыспайтын болды. Оның орнына маған «өзбектің дойра деген асабына билейсің» деді. Ал мен Юрий Силантьевтің симфониялық оркестрі-мен репетиция жасағам. Ама! жоқ, дойрамен репетиция жасауға көндім. Егер дойраға билей алмасаң, орныма өзбек қызы билейді екен. Ол қосымша құрамда болған. Яғни маған бірдене бола қалса немесе жарысқа он минут көшкісем, мені алмастыру үшін арнайы еріп келген еді. Конкурсқа бір күн қал-ғанда аздап қобалжып, ертерек ұйық-тауға ыңғайланып отырғам. Көнет түнгі сағат он екіде біреу есік қақты. Ашсам, бейтаныс кісі.

– Сен бе Талпакова? – деп сұрады.

– Иә, мен, – дедім.

– Сен болсаң, жаңа ғана хабар келді. Ертең сен жарысқа шықпайтын болдың, – деп дүңк еткізді.

– Неге? – дедім шошып кетіп.

– Өзің білесің, мұнда оркестр жоқ. Ал бұдан – өзбектің ұлттық аспабы. Сондықтан сенің орнына Өзбекстанның бишісі билейді, – деді.

Біреу үстімнен бір шелек мұздай су құйып жібергендей болды. Басым айна-

лып, жүрегім дүрсілдеп кетті.

– Сонда қалай? Мен екі ай дайын-далдым ғой. Дойраға да билей аламың, – деп жылап жібердім.

– Білмеймін. Өзбекстаннан келген өкіл солай деді. Ертең келіп әуре бол-май-ақ қой, – деп қысқа қайырды да ке-тіп қалды.

Не істерімді білмей шарасыз күйде көзімнің жасын көп қылып, отырдым да қалдым. Менімен бөлмеде қатар жат-қан құрбым маған қарағанда батып еді. Ол мән-жайды бірден ұқты. Әй-шәйға қарамай, білегімнен ұстап: – Тез қимыл-дау керек, әйтпесе көш болады, – деді.

Сағаттың тілі түнгі он екі жарымды көрсетіп тұрған.

– Жылдам киін! – деп асықтырды әлгі қыз.

Асып-сасқаным сонша сахнаға ки-етін қазақша өтікті киіп алдым. Үстімде халат. Құрбым болса: – Кім еді сенің жолбасшың? Әлгі Қазақстан комсомо-лының бірінші хатшысы қайда? – деп сұрады.

– Өзбекәлі Жәнібеков, – дедім мен еңіреген қалпы.

– Ол бұл жайдан бейхабар болуы мүмкін. Тезірек соны табу керек, – деді де мені жұлқып далаға алып шықты.

Бізге қарама-қарсы ғимаратта СС-СР-ды бастап келген комсомол көсем-дері жайғасаң. Құрбым мені жетеле-ген қалпы сол ғимараттың ішінен бір-ақ шықты. Қүзетшілер тоқсайып болып: – Түнгі сағат бірде неғып жүрсіңдер? – деп сұрады.

– Бізге Қазақстанның комсомол хат-шысы керек, – деді құрбым.

– Не істейсіңдер оны?

– Түнісіңізс жағдай туып тұр. Та-ңертең конкурс. Мәселені қазір шешпе-сек ұшығады, – деді құрбым.

Күзетшілер бізді мойынға асып ал-ған «СССР» деген бейджикке қарады да Өзбекәлі жатқан бөлменің нөмірін айтып ішке кіргізді. Өзағанның бөлмесін тез таптық. Есік қақтық. Ол кісі жатып қалған екен. Мені көріп шошып кетті.

– Әй, Гүлжан мұнда не істеп жүрсің?

Тыныштық па? – деп сұрады.

– Аға, мені Өзбекстанның басшысы алып тастапты, – деп жылап жібердім.

Көз жасым көп болды. Өзаға тұқ тү-сінбей: – Кім? Қайда? Қашан? Не үшін алып тастаған? – деген сұрақпен төпел-лі жөнелді.

Мен болған оқиғаны түгел баянда-дым. Ол желдің қайдан соққанын бірден түсінді. Тістеніп тұрып біреуді жақсылап сыбады да СССР Комсомолының бірін-ші хатшысы Евгений Тяжелниковке телефон толағды.

– Евгений, сен ояусың ба? Мен қазір барамын. Аналар тағы да бірденің былқыртатып жатыр, – деді.

Сейтті де бас хатшының бөлмесіне бардық. Тяжелников екеуі аргы бөлме-ге кіріп, есікті жауып алды. Он бес ми-нуттай телефонмен сөйлесті. Сосын шықты да: – Гүлжан еш алаң болма! Ертең билейсің. Бар да демал! Азанда сағат сегізде келіп жіберемін. Сақдайай сай түрі! – деді.

Бөлмеден шықсақ, құрбым дәлізде үрпіліп тұр екен. Өзаға оған қарап: – Уа-йымдама, құрбың ертең жарысқа қаты-сады. Бәрі онынан шешілді, –деді де екеумізді шығарып салды.

Бөлмеге келіп ұйықтатқанын дәрі ішітм. Бірақ әсер етпеді. Алған стрес-стің күштілігі сонша таң атқанша көз ілмедім. Азанда тұрып жуынып, киі-ніп, сақдайай сай тұрдым. Сағат 8.00-де қап-қара шетелдік машина қонақ үйдің алдына келіп тоқтады. Ол за-манда СССР-да шетелдік келіп тұр-мақ, «Жигули» көрмейміз. 1960-70 жылдары «Москвич» бар адам патша-ның баласындай көрінетін. Қонақ үй-ден шыққан жұрт әлгі көлікке тамсана қарап, сыртын сипалап көріп жатты. Біреулері терезесінен сығалап жүр. Осы сәтте қонақ үйден мен шықтым. Шопыр көліктің артқы есігін ашып, мені ішке отырғызды. Жұрт қызығып қарап тұрды. Көңілім көтеріліп, бір марқайып қалдым. Меніңше, сол заманның ең супер автомобиля Өзбекәлі ағам мені «Жігерленіп сілкінсі!» Қуаттанып қуан-сын!» деп әдейі жіберген сияқты. Әйт-песе ондай көлікке Брежневтің қызы да отырғаман шығар.

Түндегікүйреген көңіл-күйім таңғажа-йып көлікке отырған соң лезде қалпына келді. Концерт өтетін ғимараттың ал-дына келіп тоқтағанда патшаның қы-зындай болып салтанатпен түстім. Сах-наның артында ұлттық костюмді киіп, көзімді күтіп тұрмын. Оркестр сол күйі құрыды. Ама! жоқ, дойраға биледім. Бағыма орай Алматыда оқыған кезде биден беретін ұстазым Ташкентің қаза-ғы еді. Ол маған өзбек биінен сабақ беріп, дойраның ритмін үйреткен. Та-ныс аспап болған соң сасқаным жоқ. Ә, дегеннен дойраның ритмін іліп ал-дым да, мың бұралып сала бердім.

Обалы не керек, бидің түбін түсірдім. Бірақ ұйқының аты ұйқы. Қанбаған ұйқы жүзімдегі эмоцияны солдырып жіберді. Жүзімнен шаттықтың шуағы төгіліп тұрмады. Мұны қазылар да бай-қап қойды. Кім білсің, егер сол жолы эмоциям мықты болғанда, бәлім бірін-ші орын алар ма едім...

Есесіне үш күн бойы Алматыда тік-тірген ұлттық костюмім үлкен рөл ой-нап кетті. Қос өтек көйлегім де, велюр нымшам да, құндыз беркім де, бер-кімнің үлбіреген үкісі де сахнаны жан-дырып жіберді. Осылайша бірінші турдан өттім. Одан кейінгілері оңай болды. Соңғы шешуші кезеңде ерекше шабыттандым. Себебі залдың атмо-сферасы жігер сыйлады. Сахнаға шық-қанда зал қиқулап, айғайлап, ысқырып, қол соғып шулап кетті. Артына төбі-реңіп жылағаным есімде. Кейін байқа-сам, мен шыққанда делебесі қозып қи-қулап отырған қазақтар екен. Өзағам фестивальға делегация болып барған барлық саланың маманын залға жи-напты. Тіпті қырғыз делегациясын өке-ліп отырғызып қойыпты.

Жарыс біткен соң жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін арнайы зал-ға жинады. Бірінші күні дойраға биле-ген биім көңілден шықпады. Сондықтан жүлдеден үміт күтпегем. Мұндай фести-вальға қатысудың өзі – абырой. Көнет қазылар: «Талпакова, СССР» деп айғайлады. Маған бұл «Калпакова» деп естілді де, мән бермей отыра бердім. Сөйткенше болған жоқ, «Гүлжан Тал-пакова, СССР» деп бірнеше мәрте шақырғанда қасымда отырғандар ма-ған бұрылып: – Әй, Гүлжан, сені шақы-рып жатыр, – деді. Тоқ соққандай құ-лағым естімей қалды. Тәлтіректеп тұрдым да баспалдақпен был-сылк етіп, мас адамша төңселіп өрөң түстім. Сахнаға жеткенше құлап қалам ба деп қорықтым. Жарқыраған күміс ме-даль мойныма ілді. Сый-сыяпат пен гүл шоғының астында қалдым. Фото-графтар жан-жақтан шатырылатып жар-ыса суретке түсіріп жатыр. Осылайша өмірімде алғаш жарысқа қатысып, ө-дегеннен екінші орын алдым. Өзағам-ның қуанышында шек жоқ. Жеке келіп құттықтады. Мәскеуге барған соң же-ңімпаздарға дастарқан жайды. Ол жерде Өзағамның абыройы асқақ-тап, айдарынан жет есіп тұрды. Бұдан да қызығы – СССР-дағы ең беделді журналдың бірі «Огонектің» мұқа-басына суретім шықты. Ішіне мен жайлы көлемді мақала жазылыпты. Оны да ұйымдастырған Өзбекәлі ағам болатын.

Конкурстан алтын алған қаншама лауреат пен таланттар узеңгі қарысты-рып, ауыздығын шайнап тұрған. Сонша жұлдыздың арасынан суырып шығаруы – мен үшін ғана емес, Қазақстан үшін зор абырой. 1968 жылы ұлттық киіммен «Огонектың» мұқабасына шығуым қа-зақ жастарының мотивация мен мақ-таныш сезімін сыйлады. Бұдан соң Ал-матыға ұштым. Ол кезде Алматының әуежайынан ұшақ аз жүретін. Қонуға жақындағанда алаңдағы қызыл кіле-мді көріп, «шетелден қонақ келген екен» деп ойладым. Траптан түскен кезде бір-ақ білдім. Мені салтанатпен күтіп алу үшін бұл күрметтің бәрін ұйымдастырып дайындаған Өзбекәлі ағам екен.

Осыдан соң жұлдызым жанып, тасым өрге дөңгеледі. Орта Азия бойынша шығыс биін билейтін жалғыз биіше айналдым. Соның арқасында елуден астам шет мемлекетте өнер көр-сеттім. Софида болған оқиғаны кейін терең сараптадым. Ол интриганы Өз-бекстанның комсомол хатшысы ұйым-дастырса керек-ті. Ондағы мақсат – маған жалған ақпарат беріп, конкурсқа қатыстырмау. Бес минут көшіксем, менің орныма Өзбекстанның бишісі шығуға дайын тұр. Дайын тұрғаны сол оркестрдің өзін дойрамен алмастырып қойған. Ол заманда шетелге кім шықса да, СССР-ды атынан қатысатын. Сондықтан өзбек шықты не, қазақ шықты не айырмасы жоқ деп қарайтын. Бірақ Өзбекәлі олай қараған жоқ. Ол ұлттық намысқа шапқан кезде баска идеологияны көзі көрмей қалатын. Сол түні интриганың тірсегін қиып, жолын жауып тастады. Мен де намысқа тырысып, батырға оң-солы бір деген-дей, өзбектің дойрасына өзбектен артық билеп шықтым. Егер сол түні сүрінгенімде, кейінгі бақ пен бақыттың, атақ пен даңқтың уштығы түгіл пұштыға да бұйырмаса еді. Одан бөлек сол түні бірден отырып қабылдап, білегімнен сүйреп отырып Өзағаның бөлмесіне өртіп апарған жан құрбыма да өмір бақи қарыздармын. Ол – атақты әнші София Ротару болатын. София сол жолы алтын медаль алып, жұлдызы жарқырады.

Санжар Керімбай

Конференция

«Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының кезектен тыс конференциясы өтті. Күн тәртібінде партияның облыстық XXXV конференциясына делегаттар сайлау мәселесі қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша партияның Жалағаш аудандық филиалының төрағасы Өмірзақ Елеусінов көңінен тарқатты.

Жауапкершілік бөрінен жоғары

– «Аманат» партиясы – ел мүддесін, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуды басты мақсат еткен ең ірі саяси күш. Біздің міндетіміз – Мемлекет басшысының саясатын қолдап, әр ауылда, әр ұжымда партияның бастамаларын жүзеге асыруға атсалысу. Қазіргі таңда елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғыру, әділетті Қазақстан құру бағыты жүзе-ге асырылып жатыр. Осы жолда партия мүшелерінің белсенділігі, жауап-кершілігі және бірлігі айрықша маңызға ие. Бұл конференция – біздің пар-тия ұйымының алдағы жұмыс бағытын айқындайтын, партиялық тәртіп пен жауапкершілікті арттыратын маңызды кезеңдердің бірі екені айтылды. Сайланатын әрбір делегат өз ісіне адал, елдің, халықтың мүддесін қорғай білетін, партия жұмысына белсене араласатын азамат болуы тиіс. Біз үшін жауапкершілік бөрінен жоғары, – деді партия филиалының төрағасы Өмірзақ Тұрымбетұлы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қызылорда облыстық филиалының кезектен тыс XXXV конференциясына делегаттар сайланды. Аталған мә-селелер ашық дауыс беру арқылы қолдау тапты. Жиналыстың күн тәр-тібінде сонымен қатар ұйымның алдағы міндеттері мен атқарылатын жұ-мыстары талқыланды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тұмау – өте жұқпалы ауру

Жыл сайын күз және қыс айларында тұмау вирусы аурудың өсу толқынын тудырады. Бірақ бұрынғыдай, көптеген адам тұмауды басқа суық тиюмен шатастырады. Нағыз тұмау басқа респираторлық инфекциялармен салыстырғанда қауіпті.



Тұмау – қоздырғыштың ауа тамшылары арқылы берілуімен, өте жұқ-палы, интоксикацияның ауыр белгілерімен және тыныс алу жолдарының зақымдануымен жүретін жіті жұқпалы вирустық ауру. Қауіптілігі оның қиын ағымында және тез дамитын асқынуларында. Негізген вирус төмен тем-пература мен ылғалдылықта «тірі қалады», бұл суық мезгілде тұмауды тез таралуын түсіндіреді.

Тұмау эпидемиялары кезінде тыныс алу жолдарының бактериялық ин-фекциялары, бронхит, пневмония күрт өседі, ал тұмау адамда созылмалы аурулардың өршуін тудырады және олардың ағымын күшейтеді.

Тұмаудың өршуі кезеңінде бірқатар алдын алу шарасын ұстанған жөн. Бұл аурудың белгілері бар адамдармен байланыста болудан аулақ бо-лыңыз. Адамдар көп жиналатын жерлерде болу уақытын қысқартыңыз. Ме-дициналық маска киіп, оны әр 3 сағат сайын ауыстыруға тырысыңыз. Қо-лыңызды сабынмен үнемі жуыңыз. Ылғалды тазалауды жүргізіңіз, үй ішіндегі ауаны жиі желдетіп, ылғалдандырыңыз.

Алдын алудың негізгі шарасы – вакцинация. Вакцина – тұмаудың алдын алу үшін ең сенімді қорғаныс. Тұмаудың ауыр зардаптары мен асқынуларын болдырмау үшін өзін-өзі емдеумен айналыспау керек. Дереву медициналық көмекке жүгіну қажет.

Гүлзираш АЙЫМБЕТОВА, аудандық санитарлық, эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ	
Ш Е Ш І М	
	ЖОБА
Жалағаш ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы	
Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 726-бабына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Жалағаш ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілісін. 2. «Жалағаш ауданы бойынша бөлшек салықты арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 4-4 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8434-11 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын. 3. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	
Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы	У.Елеусинов
ЖАЛАҒАШСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ	
Р Е Ш Е Н И Е	
ПРОЕКТ	
О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации по Жалагашскому району	
В соответствии со статьей 726 Налогового Кодекса Республики Казахстан» статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» Жалагашский районный маслихат РЕШИЛ: 1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации по Жалагашскому району с 4 процентов до 2 процентов. 2. Признать утратившим силу решение Жалагашского районного маслихата от 27 июня 2023 года № 4-4 «О понижении размера ставки при применении специального налогового режима розничного налога по Жалагашскому району», зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8434-11). 3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года.	
Председатель Жалагашского районного маслихата	У.Елеусинов

Жаңғыру жолындағы Жаңаталап



Жалағаш ауданына қарасты Жаңаталап ауылына арнайы іс-сапармен барып, елді мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстық. Соңғы жылдары ауылдың ажары кіріп, халықтың әл-ауқаты жақсарған. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асқан игі істер мен ел еңбегінің нәтижесі бүгінде ауылдың келбетін айшықтай түсуде. Тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру, инфрақұрылымды жаңарту бағытында нақты жұмыстар атқарылып, ел игілігіне жараған жобалар жүзеге асырылуда. Кең дала төсінде еңбекпен ырысын еселеп отырған жаңаталаптықтардың жігері мен бірлігі ел дамуының айқын айғағы іспетті.

Иә, Жаңаталап ауылының өзіндік шежіресі бар. Бұрын бұл елді мекен көршілес Мақпалкөл ауылының құрамында болған. Екі ауылдың арасын бөліп тұрған «Арқаш» арнасы ғана. Сол су арнасының арғы бетінде орналасқан тұрғындар өз алдына ел болып қалыптаса бастаған. 1994 жылы Жаңаталап жеке ауылдық округ ретінде бөлініп, жаңа әкімшілік бірлік болып құрылды.

Сол тұста ауылды елге еңбегі сіңген азаматтар Аманжол Садықов, Базарбай Жайылханов, Әмірзақ Тұңғышбаев сынды жерлестер басқарды. Біз 2005 жылы ауылдық округке алғаш рет ресми әкім болып Манарбек Ұзақұлы тағайындалып, жергілікті басқару жүйесі нақты қалыптасты. Ол еңбек жолын Жаңадария жерінде бастап, түрлі салада қызмет атқарып, кейін туған өлкесінің өркендеуіне үлес қосты. Бүгінде еңбегімен елге танылған, тарихы мен бүгінгі қалыптасқан, ынтымақ пен бірліктің мекені 2014 жылдан бері Қуаныш Боранбекұлы басқарып келеді. Бір сөзбен айтқанда, 787 тұрғыны, яғни 137 отбасы мекен еткен Жаңаталап – шағын болса да шаруасы шираған, болашағына сеніммен қадам басқан берекелі ауылдың бірі.

Жергілікті жұрт кәсіпке ден қойған

Ауылдық округ аумағында 9 шаруа қожалық пен 43 кәсіпкерлік субъектісі белсенді жұмыс атқарып келеді. Бұл – ауыл тұрғындарының өз жерінде еңбектеп, ел экономикасына үлес қосып отырғанының айғағы. Қазіргі таңда округ бойынша «Қызылорда-Жалағаш» бағытына екі жолаушы тасымалдау қызметі, ауыл жеке балабақша, сондай-ақ үш сауда-саттық дүкені тұрақты жұмыс істеп, халыққа күнделікті тұрмысқа қажетті қызмет көрсетіп отыр. Мұның

барлығы ауыл ішіндегі әлеуметтік өмірдің жандана түскенін аңғартады. 2025 жылы ауыл азаматтары мемлекеттік грантқа негізделген бағдарламалар арқылы өз кәсібін ашуға мүмкіндік алып, табысты еңбек етуде. Соның бірі – ауыл тұрғыны Ақмарал Қасимова. Ол мал шаруашылығын дамытуға 1 572 800 теңге көлемінде грант алып, мал басын көбейтіп, табысын еселеп отыр. Тағы бір азаматша кондитерлік өнімдер өндіру ісін жолға қойып, ауыл тұрғындарын тәтті тағамдармен қуантса, енді бір азамат дәнекерлеу қызметін ұйымдастырып, тұрмыстық қажетті жұмыстарды атқарауда. Сондай-ақ тағы бір тұрғын құс шаруашылығын дамыту бағытында грант иегері атанып, үй құстарының санын көбейтіп, ет және жұмыртқа өнімдерін өткізу арқылы ауыл экономикасына серпін беруге үлес қосып келеді.

Ауыл тұрғындарының кәсіпке деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруда «Ауыл аманаты» бағдарламасының да септігі зор. Биыл осы бағдарлама аясында екі ауыл тұрғыны жеңілдетілген несие алып, өздерінің бизнес жобаларын жүзеге асыруда. Бұл бағдарлама арқылы ауыл азаматтары өз табысын қалыптастырумен қатар жергілікті нарықты отандық өніммен қамтамасыз етуге атсалысуда.

Жалпы алғанда, округ бойынша кәсіпкерліктің даму қарқыны жыл сайын артып келеді. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді іске асуы ауыл тұрғындарына жаңа мүмкіндіктер ұсынып, шағын және орта бизнестің өрісін кеңейтуге жол ашып отыр. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, ауыл экономикасын нығайту мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға негіз болмақ.

Аграрлық ауылдың шаруасы шираған

– Жалпы жер аумағы 7739 гектарды қамтиды. Соның ішінде 3341 гектары ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылуда. Аталған аумақтың 1865 гектары жайылымдық, ал 988 гектары егістік жерлерге тиесілі. Бұл көрсеткіштер ауылдық округтің аграрлық әлеуетінің жоғары екенін аңғартады. Жер мәселесіне байланысты нақты жұмыстар жүргізіліп, өз кәсібімді дамытамын деген тұрғындарға біздің тарапымыздан барынша қолдау жасалып келеді. Қажетті жер учаскесімен қамтамасыз етіліп, мақсатты пайдалануы қатаң бақылауға алынған, – дейді ауылдық округ әкімі Қуаныш Әбдіқалықов.

Биыл Жаңаталапта күзгі науқан табысты қорытындыланды. Ерте кетемде 550 гектар алқапқа күріш егіліп, маусым қорытындысымен орташа өнімділік гектарына 60,2 центнерді құраған. Нәтижесінде 331 мың 180 центнер көлемінде өнім алынған.

Шаруа қожалықтар әлеуметтік жауапкершілікті де назардан тыс қалдырған емес. Әр отбасына қамқорлық көрсету дәстүрге айналған. Соның аясында «Манақ-баба» және «Ақниет» шаруа қожалықтары жыл сайын жергілікті жұртқа көмек көрсетіп, ауыл ардагерлері мен аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасап жүр. Ал «Ер-Әлі» шаруа қожалығы күріштен бөлек картоп пен сәбіз өнімдерін де үлестіріп, ел ішіндегі ынтымақтың артуына өз үлесін қосып келеді.

Қазіргі таңда ауылдық округ бойынша ауыл шаруашылығының жалпы көрсеткіші тұрақты. Оның ішінде мал шаруашылығы да қарқынды дамыған. Оған соңғы жылдары ауылдағы мал басының өсімі дәлел. Қазірдің өзінде Жаңаталапта 1597

бас ірі қара, 450 бас жылқы, 2108 бас уақ мал және 255 бас құс бар.

Ауылдық клуб жастардың талантын шыңдауда

Жаңаталаптағы ауылдық клуб 1963 жылдан бері ауыл тұрғындарының мәдени демалыс орнына айналған. Ауылдағы өнер ұжымы бүгінде түрлі мерекелік шаралар мен халықтық дәстүрді жаңғыртатын концерттер өткізіп келеді. Ал оның жанындағы кітапхана қорында 10 849 дана кітап сақталып, оқырманға сапалы қызмет көрсетуде.

Иә, ауылдың мәдени өмірінде де мақтан ететін жарқын сәттер аз емес. Соның бірі – «Асыл аналар» ансамблінің жетістігі. Ансамбль Ақтау қаласында өткен халықаралық өнер байқауында үздік өнер көрсетіп, келесі кезеңге, яғни Қырғызстанның Бішкек қаласына жолдана алған болатын. Өнерге деген ынта мен ізденістің арқасында ауылдың ғана емес, мемлекетіміздің абыройын халықаралық деңгейде қорғаған жерлестеріміз тағы да оза шауып, Түркия еліне жолдана алып қайтты.

Алдағы уақытта ауылдың мәдени өмірін жаңғырту бағытында оң істер қолға алынбақ. Бүгінде ауылдық округ әкімі бұл жұмыстарға да белсене кірісіп, білегін сыбанып отыр. Қазіргі мәдениет үйінің ғимараты осыдан 62 жыл бұрын салынған. Уақыт талабына сай ескі нысанды жаңарту қажеттігі туындаған. Осыған байланысты жалпы құны 425 млн теңгені құрайтын жаңа 100 орындық мәдениет үйінің құрылысы бойынша жоба дайындалып, бүгінде аудандық мәдениет және тілдірі дамыту бөлімі арқылы тиісті басқармаға жолданған.

– Егер жобамыз қолдау тауып, оң шешім қабылданса, біз бірден іске кірісуге дайынбыз. Себебі жаңа ғимарат салынатын жер учаскесіне жерге иелік актісі де рәсімделіп қойылды, – дейді Қуаныш Боранбекұлы.

Ауылдың рухани өмірінің дамуына серпін беретін бұл бастама әкімнің іскерлігін, туған жерге деген жанашырлығын айқын көрсетті. Тұрғындар да жаңа мәдениет үйінің ашылуын асыға күтуде. Себебі жаңа ғимарат тек өнер мен мәдениет ошағы ғана емес, ауыл жастары мен

тұрғындардың бас қосатын, түрлі шаралар өтетін рухани орталығына айналмақ.

Барлық салада серпін бар

Білім саласына тоқталсақ, ауылдағы №119 орта мектепте 149 оқушы білім алуда. Оларға 59 мұғалім сабақ береді. 2021 жылы ауылда 40 орындық балабақша құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Бүгінде балғындарға арналған бұл тәрбие ордасы өз дәрежесінде жұмыс істеп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын жақсартуға үлес қосуда.

Жаңаталапта спортты насихаттау, тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту мақсатында да біршама жұмыс атқарылған. Мектеп оқушылары, ауыл жастары үшін волейбол, бокс спорттық үйірмесі жұмыс жасауда. Жастар жыл сайын түрлі аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық турнирлерге қатысып, жүлделі орындар иеленген.

Ауылда денсаулық сақтау саласы да назардан тыс қалмаған. Ауылдық медициналық пунктте бүгінде 7 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде бір фельдшер, бір акушер, екі медбике және үш техникалық қызметкер бар. Мамандар тұрғындарға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, алдын алу шараларын тұрақты жүргізіп келеді. Сонымен қатар диспансерлік есепте тұратын науқастарға тегін дәрі-дәрмек беріліп, медициналық бақылау тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындарының барлығы ауыз сумен толық қамтылған. Тәулік бойы, яғни 24 сағат үздіксіз су беріледі. Сонымен бірге 2021 жылы елді мекен ішіндегі 1956 жылдары жүргізілген электр желілеріне толығымен жаңарту жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде ауыл тұрғындарына электр энергиясы тұрақты әрі сапалы түрде жеткізіліп отыр.

Жаңаталап ауылдық округінде биыл елді мекенді абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарына ерекше көңіл бөлінуде. Ауыл әкімінің мәліметіне сүйенсек, бюджеттік бағдарлама аясында елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға 1 млн 500 мың теңге бөлінген. Оның ішінде 600 мың теңгеге арық қазу жұмыстары жүргізіліп, ауылдың ажары айшықталған.

«Әңгірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде экономикалық дамуға арналған жұмыстарға 1 млн 416 мың теңге бөлініп, 1 млн 220 мың теңгеге ішкі көшенің бойына темір қоршау орналған. Сонымен қатар ауылдағы санитарлық ахуалды жақсарту үшін 1 млн 500 мың теңге қаражат бөлінген. Оның ішінде 1 млн 250 мың теңгеге тұрмыстық қатты қалдықтрады арнайы орындарға тасымалдау жұмыстары жүргізілген.

Ауылдағы бас-аяғы 3 ішкі көше бар, оның екеуіне асфальт төселген. Ал бір көшені асфальттауға ұсыныс жолданған. Қ.Пирназар, Ә.Қожабаев Д.Бекбергел атындағы көшелердің біреуін жаңарту жоспарланып отыр. 1 шақырымдық көшенің асфальттау жұмысының жалпы құны 125 млн теңге деп бағаланған. Аталған жоба іске асырылған жағдайда тұрғындар үшін қол қозғалысы ыңғайлы әрі қауіпсіз болады деп күтілуде.

Сағаның соңында орналасқандықтан ауылда аяқ су мәселесі болып тұрады. Жалпы Жаңаталапта ғана емес, соңғы жылдары әлемдік деңгейде су ресурстарының азаюы мен тапшылығы бүгінде өзекті мәселенің бірі болып отыр. Бұл жағдай Жаңаталап өңірін де айналып өтпеген. Ауыл әкімі бұл бағытта нақты шаралар қолға алынғанын айтады.

Биыл шаруашылықтармен келісім негізінде суды кезектесіп алу жүйесін енгізген. 2023 жылы Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы ауылға 500-дік насос берген. Бірақ сол насос арқылы тартылатын су көзі

жеткіліксіз болды. Бүгінде бұл мәселені шешу мақсатында «Ер-Әлі» шаруа қожалығының басшысы Әліби Бекжановпен келісім жасалып, қолдан келгенше мәселені бірлесіп шешуге күш салған. Аяқсу «Мәдениет» каналы арқылы алынып, Оңтүстік коллекторға насос орнатылып, сол арқылы шаруа қожалықтар мен елді мекенге су жеткізіліп отыр.

Ауыл халқының ниеті түзу, пейілі кең. Көз келген мәселені шешуде Жаңаталаптың жұрт ауызбіршілік таңытады. Кешегі су тапшылығын еңсеруде де олар ымырамен іс қылды.

Ауыл тұрғындарын ауызсумен үздіксіз қамту мақсатында тағы бір мәселе бар. Ол – елді мекендегі тозағы жеткен су мұнарасы. 2013 жылы салынған бұл нысанның бүгінде расында тозағы жеткен. Қазіргі таңда жауапты мекеме арқылы келісім жүргізіп, мұнараны жаңарту бағытында тиісті жобаны қолға алған. Бірақ қазір су сақтау орны арқылы тұрғындар толық ауызсумен қамтамасыз етіліп отыр. Облыс тарапынан мақұлданған жоба алдағы жүзеге асырылмақ.

Ауылына қарап, азаматын таны

Ауыл шаруашылығында дамуына аяқбай еңбек етіп жүрген «Ер-Әлі» шаруа қожалығы – ауылдық округтегі ең ірі еңбек ұжымының бірі. Шаруа қожалық бүгінде 70-ке жуық ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Бұдан бөлек шаруашылық басшылығы елдің ертеңі саналатын жастарға да ерекше қамқорлық жасап келеді. Қарамағында жұмыс істейтін қызметкерлердің балаларына арнайы шәкіртақы тағайындаған. Демеушілік ретінде қаржылай көмек 1 миллион 330 мың теңгені құрайды. Бұл өз кезегінде ауыл жастарын үлкен өмірге сеніммен қадам басуына негіз болмақ. Сондай-ақ шаруашылық жыл сайын жаңы маусымда оқушылардың тынығу лагерлеріне баруына қолдау көрсетіп, игі істердің бел ортасында жүр. Осындай елге жанашыр азамат әдал еңбегімен ауыл ажарын айшықтап, тұрғындардың алғысына бөленіп жүр.

Ауыл келбетін айқындай түскен жаңа әкімшілік ғимараты – ел бірлігінің ортақ жемісі. Бұл нысан да ауылдың ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетіп жүрген «Ер-Әлі» шаруа қожалығының демеушілігімен бой көтерді. Заманауи үлгіде тұрғызылған ғимарат жергілікті тұрғындарға жайлы жағдай жасап, мемлекеттік қызметтің сапалы атқарылуына мүмкіндік беріп отыр.

Биылғы Республика күні мерекесімен туспа-тус келген «Алтын күз – 2025» еңбек мерекесінде Жалағаш ауданының мақтанышы саналатын шаруа қожалықтың еңбегі ерекше атап өтілді. Ел ырысын еселеген еңбек адамдарының арасында шаруа қожалық бригадирі «Озат бригадир» номинациясымен марапатталды. Осы жылы шаруашылық бекітілген 500 гектар күріш алқабының әр гектарынан 82,5 центнерден өнім жинап, жақсы нәтижеге жол жеткізді.

Бұл көрсеткіш – аудан бойынша да алдыңғы қатардан көрінген еңбек табысы. «Класс» комбайнымен 25 мың центнер астық бастығын шаруа қожалықтың қызметкері «Озат комбайншы» деп танылды. Шаруашылық диқаны Асан Үскенбайұлы «Озат күрішші» атанса, Мирамбек Жұмабекұлы «Озат жоңышқа өсіруші» номинациясымен марапат төрінен көрінді.

Шалғайдағы шағын ауыл – бір отбасындай ұйып, татулық пен берекенің ордасына айналған мекен. Тіршілігі тындырымды, тұрмысы түзу ауыл халқы әр істі ақылдасып, ортақ мақсатты жұмыла атқаруға дағдыланғанын түсінді. Бірлігі бекем елдің тірлігі де берекелі болатыны белгілі. Соның бір көрінісі, ауылдық мешітке тұрғындардың өз еркімен қаражат жинап, қажетті заттарын толықтырып, жеңдеу жұмыстарын жүргізген.

Бүгінде ауылда атқарылған жұмыстар мен қолға алынған жобалар аз емес. Инфрақұрылым жаңарып, мәдениет пен тұрмыс сапасы артып келеді. Жоспарланған бастамалар да ауыз толтырып айтарлықтай. Әр істің артында ел игілігі үшін еңбектеніп жүрген азаматтардың үлесі тұр. Бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан Жаңаталап ауылының тынысы кең, көлешегі кемел. Бүгінгі жетістіктер – ертеңгі өрлеудің бастауы. Халқы ұйымшыл, іргесі берік ауылдың болашағы да жарқын болары сөзсіз.

Гүлжан ЕСЖАН



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1874